

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Халықаралық сауданы
қаржыландыру



Құжаттық есеп аккредитивтері халықаралық бизнес транзакциялары кезіндегі негізгі құжат. Есеп аккредитив ерте заманда Греция, Мысыр, Рим империясы және Еуропаның көп мемлекеттерінде кеңінен қолданылды. Сол мемлекеттерде жүргізілген халықаралық бизнес транзакцияларында маңызды орын атқарған. Бұл өте қарапайым құрал және барлық уақытқа икемді болғандықтан, осы уақытқа дейін сақталған.

Транзакциялар жасау барысында халықаралық субъектілер бір-бірімен танысып, бірінші рет транзакция жасасу барысында құжат аккредитивтерін пайдалану өте тиімді. Себебі, олар екіжақты кепілдік береді. Біріншіден, сатып алушыға жүкті жөнелткеннен кейін, ақысын төлеп, сол жүкті алуға немесе сол жүк бойынша басқа операцияларды жасауға мүмкіндік береді. Екіншіден, сатушыға кепілдік береді, яғни сатушы жүкті жөнелткеннен кейін, жүк сатып алушыға жетпей тұрып, қаражатты өзіне алады. Үшіншіден, импорт пен экспорт мәселесінде импортты да, экспортты да қаржыландырып отырған негізгі көз ретінде қарастырылады.

Құжаттық есеп аккредитивтері бойынша сатып алушы коносаментті қолына алғаннан кейін, ол жүктің сатып алушыға жеткізілуіне кепілдік береді. Сосын банк арқылы сатушы немесе жүкті жөнелтушінің банкіне қаражатты жібереді. Құжаттық есеп аккредитивтері бойынша мынадай элементтерді есте сақтау керек. Аккредитивтің топтастырылуы: қайтарып алынатын және қайтарып алынбайтын аккредитивтер, яғни бұл аккредитив бойынша банктке аккредитивті сұрау жөнінде өтініш берілгеннен кейін, оны қайтарып алсаңыз болады немесе қайтарып алуға болмайтын аккредитив жайлы ақпарат ала аласыз. Екінші, расталған және расталмаған аккредитив. Расталған аккредитив бойынша сатушының банкі сатып алушының банкіне аккредитив жөнінде хабар бергеннен кейін, сатып алушының банкі тауардың құны төленетіні туралы мәліметтер береді. Бұл расталған аккредитив.

Аккредитивтің ұсынылған және төлемі кейінге қалған аккредитив деген түрлері бар. Ұсынылған аккредитив дегеніміз төлем коносамент әкелінген соң, еш кедергісіз төленеді. Мерзімі көрсетілген аккредитивте көрсетілген мерзім бойынша тауардың құны төленеді. Аккредитивте міндетті түрде жүктің жөнелтілетін уақыты нақты көрсетілуі керек.

Құжаттық есеп аккредитивтерін алу, оларды толтыру процестері бірнеше процедураларды қажет етеді. Бірінші, екі тарап арасында келісім жасалады, келіссөздерден кейін сатып алушы өз банкінде аккредитивті сатып алуға арыз береді, сатып алушы аккредитивті сатып алады. Үшінші баспалдақ – сатушы тауарды тиейді, тасымалдаушы оған коносамент береді, сатушы коносаментті өз банкіне береді, яғни банк коносаментті алған соң аккредитив расталған болса, банк олардың құнын сатушыға төлеп береді. Сатушының банкі коносаментті сатып алушының банкіне береді. Осы құжаттардың барлығы атап өткен процедуралар арқылы жүреді. Бірақ бұлардың арасында тағы бір процедуралар жүру керек. Мысалы, сатушы осы аккредитивті алу бойынша өз банкімен келіссөздер жасайды, ал сатып алушы өз банкімен келісімдер жасайды. Ең соңғы процедура – сатып алушы коносаментті алғаннан кейін, оны жүк тасымалдаушыға көрсетіп, жүкті түсіріп алады. Бұл процедуралар көп уақыт пен еңбекті талап етеді. Коносаментті тасымалдаушыға әкелген адам жүктің иесі.

Құжаттық есеп айырысу аккредитивтері көп уақытты және жұмысты алатындықтан, револверлік аккредитив түрі қолданылады. Сатып алушы мен сатушы револверлік аккредитив бойынша бірнеше халықаралық бизнес транзакциялар жүргізу үшін бір аккредитив алып қояды. Револверлік аккредитив бойынша сатушы да, сатып алушы да өте тиімді мөлшерде уақытын үнемдеп, жеңілдіктерге ие болады. Бұл, әсіресе, бір-бірімен халықаралық бизнес транзакция жасауға дағдыланып қалған серіктестер үшін өте қолайлы.

Аккредитивтің шарттары. Бірінші шарты – аккредитив жасау мерзімі. Екінші, коносамент алу мерзімі. Үшінші – коносамент пен басқа да қажетті құжаттар 21 күн ішінде банкке өткізілуі керек.

MSTC компаниясы Үндістанда орналасқан сатып алушы жақ, Voestalpine компаниясы сатушы жақ, Bank of Baroda аккредитив бойынша тауардың құнын төлейтін банк. Voestalpine компаниясы тасымалдаушы ретінде Австралияда орналасқан, ол өзінің банкіне коносамент өткізген кезде, аккредитив бойынша 31-қаңтарда тиелу керек жүк коносамент бойынша 2–6 ақпан арасындағы мерзімде тиелген, яғни Манхэттен банкіне 25-ақпанда түскен коносамент бойынша мерзімдер сәйкес келмеуінің себебінен Үндістандағы Bank of Baroda банкі мәселе бойынша тауар құнын төлеуден бас тартты.



Халықаралық бизнес транзакциясы кезінде бірнеше унификацияланған ережелер қалыптасып кеткен. Бірінші, сатушы сатып алушының банкінен бенефициар қол жеткізе алмайтын қандай да бір құжатты сұрауға құқығы жоқ. Сонымен қатар, барлық мәліметтер детальдандырылған келісімді сұрауға да қақысы жоқ. Үшінші жағдайда, кейбір құжаттар бойынша келтірілген ережелерді сақтау керек. Мысалы, келісімдерде немесе құжаттық есеп айырысуларға қатысты құжаттарда келтірілген шамамен, арасында, айналасында деген сияқты сөздер ары-бері 10%-ды ғана білдіреді. Банк аккредитивті жабатын күн демалыс күніне келетін болса, онда оны жабатын күн келесі жұмыс күніне ауысады. Осы сияқты бірнеше унификацияланған ережелер қалыптасып кеткен. Мысалы, сақтандыру құжатына келсек, сақтандыру компаниялары қол қойып мақұлдаған сақтандыру сертификаты сол жүктің жөнелтілу күніне дейін қол қойылып, жасалып болуы тиіс, яғни осындай унификацияланға ережелер міндетті түрде сақталып отырады.

Халықаралық бизнес транзакциялары кезінде коммерциялық банктер көптеген аккредитив және құжаттық есеп аккредитивтері жөнінде, сонымен қатар, банктің өзге де әдістері жөнінде жиі-жиі семинарлар мен практикумдар өткізіліп тұрады. Коммерциялық банктер халықаралық бизнес транзакцияларын қаржыландыру мәселесінде өзге де қызметтер көрсете алады. Айталық, валюта айырбастау, экспортты қаржыландыруда көмек көрсету, аккредитив бойынша төлемдер қабылдау, басқа елдерге аударымдар жасау, шетелдегі сатып алушылар жайлы ақпарат ұсыну.

Халықаралық бизнес транзакцияларды қаржыландырудың тағы екі жолы бар. Олар: factoring және forfaiting. Factoring қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша қолма-қол ақша алу. Forfaiting 180 күннен асатын ұзақ мерзімді қызметтер бойынша қолма-қол ақша алу.

Экспортты мемлекет тарапынан қолдау құралдары. Экспортты мемлекет тарапынан қолдау құралының бір жолы мемлекеттік ұлттық банктердің қаржыландыруы. АҚШ-та бизнесті қаржыландырудың ірі субъектісі – Export Important Bank. Бұл тек қана АҚШ аумағындағы бизнесті қаржыландыру ғана емес, дүниежүзі бойынша бизнес субъектілерін де қаржыландырып отырады. Сонымен қатар бұл банк сақтандыру қызметін де атқарады. Мысалы, коммерциялық тәуекелді сақтандыру. Сатушы немесе сатып алушының банкротқа ұшырау тәуекелін осы банктің сақтандыру қоры арқылы алдын алып отырады. Сондай-ақ саяси тәуекелділіктен сақтандыру. Бұдан бөлек, кішігірім кәсіпорындардың қызметіндегі пайда болуы мүмкін тәуекелдердің алдын алу мәселесімен де айналысады.